

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

Төлеген Балжан Есенбайқызы

«ARMADA» сақтандыру компаниясының жүйесін өңдеу және қосымшаларды
орнату

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B060200 – «Ақпараттану» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты


Программалық инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ПИ кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. кандидаты,

ассистент профессор

 Р. Юнусов

" 14 " 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «ARMADA» сақтандыру компаниясының жүйесін өңдеу және қосымшаларды орнату


5B060200 – «Ақпараттану» мамандығы

Орындаған

Төлеген Б. Е.

Ғылыми жетекші

сениор-лектор

 Р.С. Алғожаева

" 12 " 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

5B060200 – «Ақпараттану» мамандығы

БЕКІТЕМІН

ПИ кафедра меңгерушісі,

тех. ғыл. кандидаты

Р. Юнусов

"14" _____ 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушыға Төлеген Балжан Есенбайқызы

Тақырыбы: «ARMADA» сақтандыру компаниясының жүйесін өңдеу және қосымшаларды орнату

Университет ректоры бұйрығының № 1841-6 "14" наурыз 2019 ж. шешімімен бекітілген.

Орындалған жобаның өткізу мерзімі

"20" мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Жобаның төлқұжаты, технология бойынша техникалық құжаттама, жоба диаграммалары түрінде ақпаратты жинау, деректер қорына сақтау, тестілеу, тексеруге арналған программалық қаматамаларды жасау жүргізілген.

Есеп – түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтардың тізімі:

a) тақырып бойынша жалпы әдебиеттерге шолу және есептің қойылымын жасау;

b) Қосымшаның функционалды құрылымын құру, жүйенің өзара байланысу сұлбасын құру, кешенге кіретін міндетті талдау негіздемесі;

в) веб қосымшаның программалық баяндалуы, функционалдық тағайындалуы, керекті техникалық жабдықтар;

г) тұтынушылар мен администратордың веб қосымшаны қолдануы;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті суреттердің нақты көрсетілуімен):



презентацияның 20 слайдпен берілген құжат түрінде ұсынылған.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 9 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен


Дипломдық жобаны орындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атаулары, зерттелген мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
1. Диплом жұмысының жоспар құрылымын құру.	14.01.2019	ноқ
2. Тапсырма қойылымы және бағдарламалау ортасын таңдау	18.01.2019	ноқ
3.Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми теориялық материалдарды жинау және негізгі бөлім беру бойынша есеп беру жазбасын дайындау	01.02.2019	ноқ
4.Дипломның екінші бөлімі – жобалау сызбаларын дайындау.	15.02.2019	ноқ
5. Жобаның веб-қосымшасын тестілеуден өткізу.	18.03.2019	ноқ
6. Дипломдық жобаға түсіндірме жазба жазуды аяқтау	26.04.2019	ноқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңес берушілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Нормалық бақылаушы	Алибиева Ж. сениор-лектор	16. 05.2019	
Бағдарламалық бөлім	Сман Н. ассистент		

Ғылыми жетекші



Р.С.Алғожаева

Тапсырманы орындауға қабылдап алған студент



Б.Е.Төлеген

Күні

«08» 01 2019ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста «Armada» сақтандыру компаниясына арналған веб қосымша жасалған, веб қосымшаның мақсаты жаңа клиенттерді өзіне тарту және компанияның іс-әрекеті жайлы клиентті керекті ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, компания ұсынған сақтандыру қызметтеріне берілген сұранысты қабылдауды автоматтандыру.

«Armada» веб қосымша беттері HTML – түрінде орындалады жәнеде Laravel framework жаңа технологиясын қолдану аясында жүзеге асырылды.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе была разработана веб приложение для страховой компании «Armada», целью веб приложения является привлечение новых клиентов и автоматизация принятия запросов на страховые услуги предоставляемые компанией, предоставляя клиенту необходимую информацию о деятельности компании.

Страницы веб приложения «Armada» были выполнены в коде HTML и была разработана с использованием технологии Laravel framework.

ANNOTATION

The thesis has developed a web application for the insurance company Armada, the purpose of the web application is to attract new clients and automate the acceptance of requests for insurance services provided by the company, providing the client with the necessary information about the company's activities.

The pages of the «Armada» web application were made in HTML code and were developed using the Laravel framework technology.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	Жалпы әдебиеттерге шолу	9
1.1	«Armada» сақтандыру компаниясының жалпы сипаттамасы	9
1.2	Сақтандыру қызметінің нарық жағдайын талдау	12
1.3	«Armada сақтандыру компаниясы» веб қосымшасына ұқсас веб қосымшаларға шолу жасау	14
1.4	Есептің қойлымы	17
2	«ARMADA» сақтандыру компаниясының web қосымшасын жобалау	19
2.1	Қосымшаның функционалды құрылымын құру	19
2.2	Жүйенің өзара байланысу сұлбасын құру	21
2.3	Әр қолданушы үшін навигациялық сұлба құру	21
2.4	Веб-қосымшаны құруға арналған құралдарды таңдау	25
2.5	Кешенге кіретін міндеттерді таңдау негіздемесі	25
2.6	Міндеттер кешенін ақпараттық қолдау бойынша жобалық шешімдерді негіздеу	28
2.7	Ақпаратты жинау, жіберу, өңдеу және беру технологиясы бойынша жоба шешімдерін негіздеу	29
2.8	Laravel фреймворкі	30
2.9	«ARMADA» сақтандыру компаниясының мәліметтер базасын сипаттау	34
3	Веб-қосымшаның программалық баяндалуы	37
3.1	Жалпы мағлұматтар	37
3.2	Функционалдық тағайындалуы	37
3.3	Логикалық құрылымының тағайындалуы	37
3.4	Шақыру және жүктеу	38
3.5	Керекті техникалық жабдықтар	38
3.6	Тұтынушылардың веб-қосымшаны қолдануы	39
3.7	Администратордың веб-қосымшаны қолдануы	45
	Қорытынды	49
	Пайдаланылған әдебиеттер	50
	А қосымшасы. Бағдарлама коды	51
	Спецификация беті	56

КІРІСПЕ

Сақтандыру мемлекеттің, ұйымдардың және азаматтардың мүлдітік мүдделерін қорғау жүйесі ретінде қазіргі қоғамдағы қажетті элементі болып саналады. Сақтандыру табиғи және техногенді апаттар мен басқа да күтпеген жағдайларда бұзылған мүлдітік мүдделерді қалпына келтіруге кепілдік береді. Сақтандыру келтірілген шығындарды өтеуге ғана емес, сонымен қатар инвестиция үшін қаржы ресурстарының ең тұрақты көздерінің бірі болып табылады. Мұның бәрі дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде сақтандырудың стратегиялық жағдайын айқындайды. Қазіргі Қазақстанда өркениетті сақтандыру нарығын құру маңызды міндет болып табылады .

Нарықтық сақтандыру экономикасына көшу кезіндегі қарқынды дамып келе жатқан шаруалық қызмет саласының қатарына жатады. Нарықтық экономика және ең алдымен халық шаруашылығының мемлекеттік емес секторы әртүрлі сақтандыру түрлеріне сұраныс береді, өйткені мемлекеттік меншікке қарағанда жеке меншік жан - жақты қамтылған сақтандыру арқылы қорғауды қажет етеді. Жеке меншікте мемлекет тарапынан қаржылық кепілдіктер жоқ және мүмкін қауіп қатер салдарынан өзін қорғауысы келеді.

Өз кезегінде, сақтандыру шығын келтіретін табиғи апаттардан және күтпеген, кездейсоқ төтенше жағдайлардан жеке және шаруашылық өмірде халықтың мүлдітік мүддесін қорғауға арналған ақшалай қаражаттың мақсаттық қорларын құруды қамтиды .

Экономикалық санат ретінде сақтандыру қоры - шығындарды өтеуге арналған материалдық немесе ақша қаражаттарының резерві болып саналады.

Макроэкономикалық деңгейде сақтандыру келесі функцияларды орындайды:

- әлеуметтік жаңғырудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- мемлекетті қосымша шығындардан босату;
- ғылыми - техникалық прогресті ынталандыру;
- шығынға ұшыраған адамдардың мүддесін азаматтық - құқықтық жауапкершілік жүйесінде қорғау;
- инвестициялық ресурстардың шоғырлануы және экономикалық өсуді ынталандыру.

Дипломдық жобаның мақсаты сақтандыру құжаттарын жинақтау, есепке алу, сақтау, жіберу, өңдеу, безендіру және беру үшін компанияның веб қосымшасын құру арқылы «Armada» компаниясының жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады. Сонымен қатар ақпараттық клиенттердің деректер базасын құру.

Келесі кезекте, осы жасап отырған веб қосымшамыз, тұтынушыларға белгілі деңгейде пайдасын тигізеді деп сенеміз.

1 Жалпы әдебиеттерге шолу

1.1 «Armada» сақтандыру компаниясының жалпы сипаттамасы

«Armada» сақтандыру компаниясы Қазақстандағы сақтандыру нарығында жетекші орын иеленуге ұмтылады. Сақтандыру полистерін сатуды автоматтандыру арқылы клиенттермен жұмыс істеу сапасын жақсартуға, сондай-ақ келісімшарттық қызметті есепке алуды автоматтандыруға бағытталған азаматтық - құқықтық жауапкершілікті көлік сақтандыру бойынша бағдарламалық өнімін жасау жоспарланып отыр.

«Armada» сақтандыру компаниясына арналған веб қосымшаны құрастыру әдістемесі келесі қадамдарды қамтиды:

- деректерді сақтау және өңдеуге арналған веб қосымшаны құрудың техникалық міндеттерін қою;
- автоматтандыру үшін таңдалған бизнес жобаларды бөлу мақса-тында «Armada» сақтандыру компаниясының пәндік аймағына талдау жүргізу;
- ақпараттық құрылым мен бизнес жобаларды модельдеу;
- өз көлік құралдарын сақтандырған клиенттер жайлы ақпаратты сақтауға арналған деректер базасының құрылымын әзірлеу;
- деректер қорын басқаруды жүзеге асырылатын веб қосымша құру;
- веб қосымшаның сипаттамаларын және оның тиімділігін анықтау;
- веб қосымшаны тестілеу;
- пайдаланушы нұсқаулығын жасау.

«Armada» сақтандыру компаниясына әзірленген ақпараттық жүйесі шығындарды төмендету және сақтандыру көлемін ұлғайту арқылы сақтандыру қызметін жүргізудегі барлық кемшіліктерін жоюға тиіс.

«Armada» компаниясы әрбір клиентпен, яғни жеке тұлға және ірі ұйыммен, ұзақ мерзімді қарым - қатынастарды дамытуға және қолдауға көңіл бөледі.

Сондай-ақ компания азаматтар үшін, яғни азаматтардың мүлік, денсаулық және қаржылық мүддесін қорғау арқылы қолайлы қауіпсіз ортаны құру нысаны, бизнесті жүргізуге байланысты тәуекелдерді азайтудың өркениетті тәсілі және ұлттық экономикаға инвестиция тартудың маңызды механизмі ретінде сақтандыруды қарастырады.

«Armada» сақтандыру компаниясының міндеті өмірлік сенімділігін, бизнестің тұрақтылығын, Қазақстан азаматтарының денсаулық сақтау қамтамасыз ету және сақтандыру компаниясы экономикалық, мүліктік және басқа да тәуекелдерді өзіне алу болып табылады. «Armada» сақтандыру компаниясының стратегиялық мақсаты Қазақстандағы сақтандыру нарығында жетекші орынды иелену.

Міндет пен стратегиялық мақсатты іске асыру аясында «Armada» компаниясы кепіл етеді:

- клиенттерге - жоғары сапалы қызмет көрсетуге, әр клиентке жеке көңіл бөлуге, әрбір сақтанушының мүдделерін қарастыруға;
- серіктестерге - өзара тиімді ынтымақтастыққа;
- қызметкерлерге - өзінің өмірлік мақсаттарын, болашаққа деген сенімін, кәсіби өсуін жүзеге асыру мүмкіндік береді.

«Armada» сақтандыру компаниясы сақтандырудың барлық түрлері бойынша халықаралық стандарттардың барлық талаптарына сәйкес келетін жоғары сапалы сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз етеді. Жеке тұлғалар үшін кез - келген ықтимал тәуекелдер сақтандырылады: автокөлік, автокөлік иесінің азаматтық - құқықтық жауапкершілігі (АҚЖМС), ере-сектер мен балалардың денсаулығы, тұрғын үй - пәтерлер мен үйлер, ғимаратты өңдеу, ипотека, үй мүлкі, құрылыс, өзінің өмірі және туыстар-дың өмірі, шағын өлшемді кеме, авария, туристік сапар, соның ішінде спортшылар және т.б. Занды тұлғалар үшін кәсіпорындар мен ұйымдарға арналған сақтандыру арқылы қорғаудың кешенді бағдарламаларының кең ауқымы түрлері ұсынылған. Қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуден басқа «Armada» сақтандыру компаниясы кәсіпорынның мүліктік сақтандырудан және қаржы тәуекелдерінен бастап жүк тасымалдауға дейінгі барлық тәуекелдерді сақтандырады.

«Armada» сақтандыру компаниясының негізгі өнімдері болып табылады:

- автокөлікті сақтандыру: КАСКО (бәсекеге қабілетті тарифтер); АҚЖМС (шарттарды жасау және қайта жаңғырту үшін қолайлы жағдайлар); АҚЖЕС (шарттарды жасау және қайта жаңарту үшін қолайлы жағдайлар); «4x4» жол талғамайтын көлікті сақтандыру бағдарламасы (клиенттерге жол талғамайтын көлік құнының 4% құрайтын ең төмен сақтандыру тарифін ұсынуымен ерекшеленеді);

- мүлікті сақтандыру: жеңілдетілген тұрғын үй сақтандыру бағдарламасы (сақтандыру полисінің қарапайымдылығы, қол жетімділігі және төмен құны); «Қала сыртындағы үй» (икемді тарифтер, халықтың әр түрлі категориялары үшін қолжетімділігі).

Жеке клиенттерге, Алматыдағы немесе аймақтық филиалдардағы компанияның аумақтық кеңселеріде және кеңселер желісінде жеке және мүліктік сақтандыру бойынша келісімдер жасау үшін барлық жағдайлар жасалды. Соңғы жылдары автокөлікті сақтандыру белсенді түрде дамып келе жатқандықтан, «Armada» сақтандыру компаниясы екі жыл ішінде Қазақстанның ең ірі автосақтандырушылардың ондығына кіруге атсалысады.


«Armada» компаниясы әрдайым тұрғындар үшін әлеуметтік маңызы бар сақтандыру жобалары мен сақтандыру қызметтерін дамытуға және жүзеге асыруға ерекше назар аударды.

«Armada» сақтандыру компаниясының келісімшартын бүкіл Қазақстан аумағында жасауға болады.

Сақтандыру қызметтерінің берік портфелі және сенімді серіктестің беделдері, едәуір көлемді сақтандыру резервтері және қызмет тәжірибесінің тәжірибесі, қызметкер құрамы табысты қызметтің негізін құрды және компания

серіктестері және клиенттерінің алдында өз міндеттемелерін мұлтіксіз орындады.

«Armada» сақтандыру компаниясының еңбегі ұлттық өнеркәсіп пен экономиканың өсуін және дамуын ынталандыруға бағытталған [21]. (1.1 сурет. «Armada» компаниясы ұйымдастырушылық құрылымы)




1.1-сурет – «Armada» компаниясының ұйымдастыру құрылымы

«Armada» компаниясының жоғарғы басқару органы акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады. «Armada» сақтандыру компаниясын бас директор басқарады. Бас директор дирекцияларды басқаратын қоғамның жеке атқарушы және басқарушы тұлғасы болып табылады, қоғамның мүддесін қорғайды және оның атынан сенімхатсыз әрекет етеді. Бас директордың құзыретіне мәмілелердің барлық түрлерін жасау; сенімхаттарды беру; компания құрылымын, штат кестесін, компания қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, филиалдар туралы ережені бекіту; компанияның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар мен нұсқауларға қол қою кіреді. Бас директор негізі басқарушылық мәселелерді, сондай-ақ стратегиялық мәселелерді шешеді. Бас директор барлық филиалдардың қызметін бақылайды және қаржы ағындарының қозғалысы бойынша мәселелерді шешеді. (1.2 сурет. «Armada» компаниясының басқау құрылымы).

Тұрақты атқарушы органы Бас агенттіктің атынан айтылған бөлім болып табылады. Компанияның ағымдағы басшылығын жүзеге асырады, Бас

директорға тікелей бағынады және акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді. Дирекцияның құзыретіне акционерлер жиналысының құзыретіне кірмейтін ағымдағы қаржы - шаруашылық қызметтің мәселелері жатады.



1.2-сурет – «Armada» компаниясының басқару құрлымы

1.2 Сақтандыру қызметінің нарық жағдайын талдау

Белгілі болғандай, әлемнің көптеген елдерінде сақтандыру өркениетті өмірдің ажырамас бөлігі болды. В странах с развитой рыночной экономикой страхование является стратегическим сектором экономики. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде сақтандыру экономиканың стратегиялық секторы болып табылады. Сақтандыру компанияларының қызметтерін жеке тұлғалар, мемлекеттік және коммерциялық құрылымдар, бизнесмендер, ірі корпорациялар пайдаланады. Сондықтан сақтандыру ең қуатты қаржы институттарының бірі және өз елдерінің әлеуметтік - экономикалық өмірінде маңызды рөл атқарады.

Қаржылық қызмет көрсету ретінде сақтандырудың ерекшелігі - бұл құрылған сақтандыру қорының аясында жабық зақымданған құрылыммен сипатталады (1.3 сурет).



1.3 сурет–Сақтандыру қорындағы жабық зақымданған құрылымның схемасы

Бұл қордың қаражаты өз қатысушыларының ғана залалын өтеуге жұмсалады. Осылайша сақтандыру, сақтандыру жағдайына түскен сақтанушы саны сыйлықақыларды үнемі төлейтін сақтандыру қорының қатысушылар санынан айтарлықтай аз екендігі туралы алғышартқа негізделген. Бұл жағдайда сақтанушы сақтандыру төлемін тек сақтандыру жағдайы туындаған жағдайда ғана алуға құқылы. Мүлікті сақтандыруда, сақтанушы сақтандыру жағдайлары орын алмаса да, көптеген жылдар бойы сақтандыру сыйлықақысы ретінде төленген ақшасын талап ете алмайды дегенді білдіреді. Бірақ бұл жағдайда да, оның шығыны бекер емес. Сақтанушы екі мәні бар сақтандыру қызметін сатып алады. Бірінші жағынан, бұл клиенттің тәуекелден босатылуы. Екінші жағынан, сақтандыру келісімшартында көрсетілген себептер бойынша сақтандыру жағдайы болған жағдайда сақтандыру компаниясына сақтандыру төлемін төлеуге міндетті [11].

Әртүрлі заттарды сақтандыру сақтандырылған объектілерінің айырмашылығын алдын ала анықтайды. Осылайша, қазақстандық сақтандыру заңнамасына сәйкес сақтандырудың үш саласы бөлінді: жеке, мүліктік, жауапкершілікті сақтандыру (1.4 сурет).



1.4-сурет – Сақтандыру объектілері бойынша сақтандыру салаларының жіктелуі

Қазақстан заңнамасы сақтандыру саласында, оның ішінде қайта сақтандыруды қоса алғанда, сақтандыру қызметінің 16 лицензияланған түрін көрсетеді (1.1 кесте).

1.1-кесте – Еліміздегі сақтандырудың лицензиялық түрлерін жіктеу

Сақтандыру саласы	Сақтандыру қызметінің түрлері
Жеке сақтандыру	1 Өмірді сақтандыру 2 Жазатайым оқиғалардан және аурулардан сақтандыру 3 Медициналық сақтандыру
Мүліктік сақтандыру	4 Жер үсті көлігінің құралдарын сақтандыру 5 Әуе көлігінің құралдарын сақтандыру 6 Су көлігінің құралдарын сақтандыру 7 Жүктерді сақтандыру 8 Аталған басқа мүлік түрлерін сақтандыру 9 Қаржы тәуекелдерді сақтандыру
Жауапкершілікті сақтандыру	10 Көлік иелерінің азаматтық – құқықтық жауапкершілігін сақтандыру 11 Тасымалдаушының азаматтық – құқықтық жауапкершілігін сақтандыру 12 Жоғары қауіп көзі болатын кәсіпорының азаматтық – құқықтық жауапкершілігін сақтандыру 13 Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру 14 Міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру 15 Азаматтық – құқықтық жауапкершіліктің басқа түрлерін сақтандыру 16 Қайта сақтандыру

Нарықтық экономикаға көшу кезінде сақтандыру қажеттілігі күрт артып, сақтандыру нарығының қарқынды дамуына негіз қалайды.

1.3 «Armada сақтандыру компаниясы» веб қосымшасына ұқсас веб қосымшаларға шолу жасау


Қазіргі ақпарат алмасудың жылдамдығы артқан заманда, интернет жүйесінің маңызы күнен күнге дамып өз қажеттілігін арыттыруда. Әрине интернеттің жұмысын түрлі веб қосымшалармен сайттар жүргізеді. Қай салада болмасын кез-келген компания болсын, үлкен магазиндер, түрлі мекемелерде

өздернің жеке веб қосымшалары бар. Олар осындай веб қосымшаның көмегімен адамдармен қарым-қатынас орнатады, өздерінің қызметін, тауарларын таныстырады. Ендеше біздің құрмақшы болып отырған «Armada сақтандыру компаниясы» веб қосымшасына ұқсайтын веб қосымшаларға талдау жасап көрейік.

<https://tsgarant.kz/kz/> – бұл веб қосымша қазақстандағы «Цесна гарант» сақтандыру компанияның веб қосымшасы. Веб қосымшада осы компанияның сақтандыру қызметінің түрлері анық, әдемі жарнамалық жылжымалы терезесінде көрсетілген, оның түрлері:

- автокөлікті сақтандыру;
- мүлікті ерікті сақтандыру;
- денсаулықты сақтандыру;
- спортшыларды сақтандыру;
- балаларды сәтсіз оқиғалардан ерікті сақтандыру;
- несие тәуекелдерін сақтандыру;
- туристердің медициналық сақтандыру.

Веб қосымша дизайны тақырыпқа сай жобаланған. Бір беттен бәрін көруге болады, қызметтің барлық түрлерін бірден табуға болады және осы веб қосымша арқылы тіркелуге болады. Интерфейс түсінікті жасалған, қазақ, ағылшын және орыс тілінде жасалған. Жалпы басты беті 1.5 – суретте көрсетілген.




1.5-сурет – <https://tsgarant.kz/kz/> веб қосымшасы

<https://nsk.kz/kk/> – бұл веб қосымша «НСК» АҚ-ың қызметтерін көрсетеді. Бұл веб қосымшада сақтандыру қызметтері бірнеше топқа топтастырылған, яғни:


- автокөлік;
- саяқат;
- денсаулық;
- мүлік.

Интерфейстен осы топтарды таңдау арқылы қажетті қызметтерды таба аламыз. Веб қосымша екі тілде жобаланған, Қазақ және Орыс. Веб қосымша 1.6 – суретте көрсетілген.



1.6-сурет – <https://nsk.kz/kk/>– веб қосымшасы

<https://amanat24.kz/kz> - бұл веб қосымша «amanat» сақтандыру компаниясының веб қосымшасы. Веб қосымшаның клиенттік бөлігіне талдау жасайтын болсақ, веб қосымшаның интерфейсі өте қарапайым жасалған, артық мәліметтер жоқ. Сонымен қатар қарым-қатынасқа арналған сервистер қосылған және веб қосымшаның дизайны өте әдемі жобаланған басқа жоғарыдағы веб қосымшалармен салыстырғанда, контентте жазылған сөздерде клиенттерді өздеріне тартады деп ойлаймын 1.7 – суретте көрсетілген.



1.7-сурет – <https://amanat24.kz/kz> веб қосымшасы

Құрылып отырған веб қосымшаның жоғарыда қарастырылған сайттардан артықшылықтарына тоқталайық.

Бірінші артықшылығына тоқтала кетсек, «Armada» веб қосымшасының ең басты артықшылығы, ерекшелігі, бұл веб қосымша қазіргі кезде сайттың қауыпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып жүрген Laravel фреймворкінде жасалған, бұл дегеніміз веб қосымшаны сыртқы күштердің бұзуына жол бермейді және өте үлкен көлемдегі мәліметтермен жұмыс істеуге қолайлы, сонымен қатар жылдам жұмыс істейді. Екінші ерекшелігі – бұл веб қосымша MVC технологиясы бойынша жасалғандықтан сайтты ары қарай дамытуға, өзгертуге өте қолайлы. Үшінші ерекшелігі – веб қосымшаны қызметтерді пайдаланылып жатқан клиенттердің саны салыстырмалы түрде көрсетілген, бұл өз кезегінде клиенттердің компанияға деген сенімін арттырады. Тағы бір ерекшелік – веб қосымшаның қолданбалы интерфейсі, дизайны ыңғайлы жобаланған.

Болашақта веб қосымшаға комментарий жазу мүмкіндігі, форум қосу және клиенттердің қызметті бағалау мүмкіндігі қарастырылады. Осы мүмкіндіктер болса сайттың көркі ашылады. Сонымен қатар «Armada» веб қосымшасында орналасқан мәліметтер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде келтірілген.

1.4 Есептің қойылымы

Бұл дипломдық жоба қазіргі заманның талаптарына сай, заманауи технологияларды қолдана отырып, Халыққа қызмет көрсетудің аса бір маңызды салаларының бірі – сақтандыру саласын дамытуға, оның имиджін көтеруге

және алдыңғы қатарлы сақтандыру компаниясын құруға, жаңа веб-беттер енгізуге негізделген.

Бұл дипломдық жұмыста сақтандыру қызметтерімен айналысатын компанияға барынша тиімді және ыңғайлы веб қосымша жасауды іске асыру мақсатында, MySQL деректер қорын басқару жүйесінде база құрылып, ХАМРР веб-сервері пайдаланылып, Laravel фреймворкінде қосымша жасалады.

Бұл дипломдық жобада Сақтандыру компанияның web қосымшаы құрастырылып, келесідей мақсаты орындалуы қажет:

– веб қосымшаның қолданушыларының сақтандыру қызметтерін пайдалануға тапсырыс беруі;

– веб қосымшада тіркелім жасауы;

– веб қосымша арқылы қызметтермен тереңдей танысуы;

– веб қосымшаның қолданушыларының пікір қалдыруы;

– тіркелген қолданушылар мәліметтерін өзгерту;

– веб қосымшаға мәліметтерді іздеу жүйесінің орындауы;

– веб қосымшаның қолданушыларның құпия сөзін тексеру;

Интернет веб қосымшаның дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін - оның жақсы ойластырылған, ұйымдастырылған және түсінікті навигациялық жүйесі болуы қажет.

2 «Armada» сақтандыру компаниясының web қосымшасын жобалау

Электронды коммерция – бұл түрлі қызметтер көрсете алатын әлемдік интернет торабын пайдаланатын бизнестің түрі. Ерекшелігі компаниядан еш делдалдың көмегінсіз тікелей қатынас жасайды және клиенттерге өз қызметтерін ұсынады. Сонымен бірге компания үшін әрбір клиент пікірін білдіріп, өз ойларын білдіре алады. Осы аталған қызметтердің барлығын үйден шықпай-ақ көруге болады. Ең ұтымдысы – уақытты үнемдейді және көп жұмысшыларды талап етпейді.

«Armada» сақтандыру компаниясының веб-қосымшасын құру клиенттер мен сатып алушылардың назарын ерекше аударады. Қазірдің өзінде үлкен қалаларда кей адамдар интернет арқылы қызметтерді пайдалану жүйесімен жақсы таныс және сол жүйені тиімді және жылдам деп санайтындар қатары көбейіп келеді. Көптеген әйгілі компаниялар әлдеқашан онлайн жүйесіне көшкен.


Қазіргі таңда интернет торабындағы бизнес – бұл барша адамдарға сенімді және пайдалы табыс көзі болып табылады. Интернет – бұл тек үлкен ақпарат көзі ғана емес, сонымен бірге, жақсы, бастысы бизнестің қайнар көзі болады.

2.1 Қосымшаның функционалды құрылымын құру

«Armada» сақтандыру компаниясы үшін құрылған ақпараттық жүйе веб-қосымшаның жалпы құрылымы келесі компетенеттерден тұрады:

- веб қосымшаны басқару бөлім;
- клиенттік бөлім;
- веб қосымшаның мәліметтер базасы.

2.1 суретте жалпы компания веб қосымшасының құрылымының көрнісі көрсетілген.



2.1-сурет – «Armada» сақтандыру компаниясының веб-қосымшасының жалпы құрылымы

Басқару бөлімі мен клиенттік бөлім бұл парақтар құрып, мәліметтер базасы мен парақтар арасында ақпарат алмасуға мүмкіншілік беретін скриптар жиыны.


Басқару бөлімі – бұл веб қосымшаның параметрлерін күйге келтіру жұмысына жауапты болатын скриптертер бөлшегі. Ол мәліметтер базасымен өте тығыз байланыста болады және сол мәліметтер базасын күйге келтіруге мүмкіндік береді. Басқару бөлімі сонымен бірге сайттың дизайн жұмыстарын да күйге келтіріп отырады. Басқару бөлімінің ең басты, маңызды жұмысы болып , клиенттерге берілетін ақпараттар ағынын әр уақытта жаңалап отыру керек.

Клиенттік бөлім – бұл клиентке көрінетін беттерге жауапты бөлім. Бұл парақтарда клиентке керек ақпараттар және клиентке ұсынылатын қызметтер туралы толық мәліметтер болады. Сонымен қатар клиенттік бөлім қызметтерге тапсырыс беру жүйесін көрсетеді. Бұл бөлімнің дизайні клиенттің назарын аударатындай сәнді болу керек.

Веб қосымшаның мәліметтер базасы – бұл осы сайттың ең маңызды бөлігі. Себебі мұнда веб қосымшаға керекті мәліметтердің барлығы осында сақталады. Мәліметтердің барлығы серверде сақталады, ал ол серверге басқару бөлімі мен клиенттік бөлім дәнекер сұраныстар тілі-MySQL арқылы қарым-қатынас жасайды.

Жалпы интернет арқылы ақпараттандыратын және сауда жасайтын кез-келген фирмалардың жұмыс істеу тәсілі әртүрлі болуы мүмкін, бірақ, бәрінің мақсаты бір болады. Олардың барлығы да нақты анықталған осындай үш бөлімнен тұрады.

2.2 суретте «Armada» сақтандыру компаниясы веб-қосымшасының құрылымдық схемасы көрсетілген



2.2-сурет – «Armada» сақтандыру компаниясы веб-қосымшасының құрылымдық схемасы


2.2 Жүйенің өзара байланысу сұлбасын құру

Веб-қосымшаның модулдері өзара тығыз байланыста болады, модулдерге бөлу арқылы веб қосымшаның қызметін анық көруге болады. 2.3 Сұлбада «Armada» сақтандыру компаниясы веб-қосымшасының модулдерінің құрылымдық сұлбасы көрсетілген.

2.3 Әр қолданушы үшін навигациялық сұлба құру


Навигация жүйесі- бұл қандай да бір тәртіппен орналасқан бөлімдерге немесе сайттарға сілтейтін сілтемелерден тұратын Web-парақтың көрнісі.

«Armada» сақтандыру компаниясы ның Web-қосымшасы – жоғары деңгейде қолданушыларға қызмет көрсетуді мақсат етеді, веб-қосымша толық кешені ұсыныстар таңдауын үнемі кеңейтіп, қолданушыларға қызмет ету сапасы мен тиімділігінің жаңа стандарттарын қалыптастырып отыратын жарнамалық веб-қосымша болып табылады. Аталып отырған «ARMADA» сақтандыру компаниясы сауда нарығын кеңейту, тек Қазақстан нарығында емес, бірте-бірте бүкіл әлемдік нарыққа көтерілуді қарастырады. Әрине алға қарай жылжып, даму үшін заман ағымына сай жән-жақты озық нәтижелерді өзімізге тартуымызға тура келеді. Соның бірі қазіргі кезде әрбір үлкен компаниялар өздерінің қызмет көрсету саласын түрлі жолдармен, сайт болсын, түрлі әлеуметтік желілер болсын барынша кең көлемде таратуға тырысады. Бізде осы кезекте «ARMADA» сақтандыру компаниясының қызметін өзінің веб-қосымшасы арқылы жарнама жолын кеңейтуді қарастырамыз.



2.3-сурет – Модулдердің құрылымдық схемасы

Қарастырылып отырған Web-қосымшаның функционалдық басқару құрылымын екі топқа бөлеміз: қолданушы және администратор. 2.4-суретте қолданушының басқару қызыметі көрсетілген.



2.4-сурет – қолданушының функционалдық қызметі

2.2-суретте көрсетілгендей Web-қосымшаның қолданушысы келесідей қызметтерді орындайды:

- тіркелу.

Web қосымшада қолданушы тіркеле алуы керек. Сол үшін арнайы интерфейс жасалады.

- іздеу.

Қолданушы өзіне керекті қызметті немесе тауарды өңай табуы керек. Қосымшада белгілі бір шарттар бойынша іздеу интерфейсі қарастырылады, яғни аты, моделі, бағасы және жылы т.б. бойынша іздеу.

- көру.

Іздеп табылған мәліметтердің толық тізімін көру, ол туралы ақпаратпен жән-жақты таныс болу.

- тілді таңдау.

Қолданушы өзіне түсінікті тілді таңдап өзгерте алатындай жасау.


- тапсырыс беру.

Қолданушы өзіне керекті қызметке немесе тауарға Web қосымша арқылы тапсырыс бере алады, ол үшін алдымен сайтта берілген шарттарды орындай отырып іске асырылады. Яғни тіркелу, шарттармен танысу.

- пікір қалдыру.

Қолданушының көрсетілетін қызметтерге, тауарларға, құрылған сайытқа өзіндік пікірлерін жазып қалдыруы.

2.5-суретте администратордың функционалдық басқару қызметі көрсетілген.



2.5-сурет – администратордің функционалдық қызметі

Администратордың басқару қызметі 2.3-суретте көрсетілгендей келесі функцияларды орындайды:

- өзгерту.

Администратор мәліметтер базасына келіп түскен барлық ақпаратты өзгерте алады. Базада сақталған кестедегі мәліметтер түрлі өзгерістерді қажет етеді, көрсетілетін қызметтердің бағасы өзгеруі мүмкін, аттары өзгеріске ұшырайды, кейде қате енгізілген ақпараттарды өзгертуге тура келеді, сондай кезде осы өзгерту функциясы көмектеседі.

- қосу.

Күн сайын мәліметтер базасына жаңадан мәліметтер енгізуге тура келеді. Яғни жаңа тауарлар, жаңа қызметтер т.б. солардың барлығын қосу функциясы арқылы орындаймыз.

- өшіру.

Сайытқа мәліметтерді енгізгеніміз сияқты, басы артық мәліметтерді шығарып тастауға тура келеді. Өшіру функциясы арқылы керексіз ақпаратты өшіреміз.

- тапсырыс қабылдау.

Администратор клиенттен келіп түскен тапсырыстарды қабылдап алып рәсімдейді, сол арқылы тауар иесіне жеткізіледі немесе қызмет көрсетуге алдын ала уақытын белгілейді сол сияқты ұтымды қызмет көрсетіледі. Тапсырыс алу, рәсімдеу менеджердің қызметі, дегенмен менің құрып отырған web қосымшам өте үлкен компанияныкі болмағандықтан менеджердің қызыметін администратор атқарса да болады деп есептеймін.

- сұрыптау.

Администратор мәліметтерді қажетті шарттар бойынша реттейді. Мысалы, белігі бір уақыт аралығындағы сатылған тауарлардың тізімі, тауар аттарын алфавит бойынша реттеу т.б. сол сияқты сұрыптау қызметі.

- есеп беру.

Бұл функция интернет арқылы көрсетілген қызметтер мен сатылған тауарлардың тізімдігі бойынша есептеулер жүргізу, жұмыстің өнімділігін тексеру.

2.4 Веб-қосымшаны құруға арналған құралдарды таңдау

«ARMADA» сақтандыру компаниясының веб-қосымшасын құру келесі ортада жүзеге асырылды:

- XAMPP web – сервері;
- Laravel программалық платформасы;
- PHP бағдарламалау тілі;
- HTML тілі;
- Java Script бағдарламалау тілі;
- CSS стильдер тілі;
- MySQL мәліметтер базасы.

2.5 Кешенге кіретін міндеттерді таңдау негіздемесі

«Armada» сақтандыру қызметі процессі басқа адамдар көлік құралдарын пайдаланған кезде сақтанушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу құқығын қорғау үшін клиентпен сақтандыру келісімшартын жасауға бағытталған өзара байланысты операциялар жиынтығы болып табылады.

Компаниямен серіктестік барысында клиент жол - көлік оқиғасы болған жағдайда сақтандыру компаниясы барлық қаржылық мәселелерді шешетініне

сенімді бола алады. Жасалып жатқан ақпараттық жүйе орындайтын міндеттер кешенін анықтайды:

- клиенттің сақтандыру компаниясына қайтадан өтініш жасаған жағдайда тиісті клиент туралы қажетті ақпаратты қарау және клиентті жылдам табу үшін және есеп беру құжаттамасын құрастыру үшін клиент деректер қорын құру;

- құжаттарды есептеу және орындау кезіндегі қателер санын азайту үшін сақтандыру келісімшартын тіркеу және сақтандыру сыйлықақысын есептеу;

- егер сақтанушы сақтандыру келісімшартын ұзарту немесе жаңа шарт жасауға шешім қабылдаған жағдайда, қайта пайдалану үшін сақтанушы туралы деректерді сақтау;

- «Armada» сақтандыру компаниясында сақтандырылған басқа тұлғаға көлік құралдарын сатқан жағдайда, келісімшартты қайтадан жасау үшін көлік құралы туралы ақпаратты сақтау;

- агенттер бойынша есепті құрастыру үшін сақтандыру агенттері туралы ақпаратты сақтау. Бір агенттің жасаған барлық келісімшарттарының жалпы қосындысының пайызы алынады және оның жалақысына қосады;

- есеп айырысу-төлем тізімдемесі құру және бухгалтерияға жиберу үшін сақтандыру келісімшартының төлем жүйесін бақылау;

- клиенттің өтініші бойынша сақтандыру келісімшартының мәртебесін өзгерту (тоқтатылған, жаңартылған, ұзартылған);

- сақтанушыға сақтандыру құжатын басып шығару және беру, оның сақтандыру арқылы қорғау құқығын растау;

- бухгалтерияға статистикалық есептілікті қалыптастыру.

Таңдалған міндеттер жалпы ақпарат қоры мен нормативтік -анықтамалық ақпаратқа ие. Осы міндеттерді шешу үшін ақпараттық технологияларды, автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді енгізу қажет. Ақпараттық жүйелерді дайындау кезінде ДББЖ пайдаланылады. Сақтандыру құжаттары жалпы деректер қорында сақталады, ұйымның компьютерлік желісі бойынша көшіріледі және өңделеді. Өйткені, компьютерлік желі ұйымның жұмыс орындарындағы компьютерлерді байланыстырады. Сонымен белгілі бір компьютерде құжаттарға орындалатын кез - келген әрекеттер желі серверінде (орталық компьютерде) автоматты түрде жиналады және жинақталады.

Автоматтандырылған жүйе өндірістік процестің барлық қатысушылары арасында жылдам және тиімді ақпарат алмасуға мүмкіндік береді, нақты міндеттерді дайындау үшін қажетті уақытты қысқартуға мүмкіндік береді, есептік құжаттарды дайындау кезінде қателіктердің туындау мүмкіндігін болдырмайды [25].

АҚЖМС келісімшарттарының қозғалысы бойынша сақтандыру компаниясының ААЖ-сін әзірлеу сақтандыру полистерін сатуды автоматтандырудың есебінен, қызмет көрсету сапасын бақылау және сақтандыру келісімшартын рәсімдеу кезіндегі қателерді жою арқылы клиенттермен жұмыс істеу сапасын Armadacартуға бағытталған. Бағдарламалық қамтамасыз ету

компанияның қызметкерлеріне АҚЖМС бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған және алдын - ала жасалған келісімшарттары, жасалған төлемдер, берілген қатаң есептіліктің бланкілері туралы ақпарат алуға және жылдам деректерді тексеруге, РАСО-на арналған реестрлерді жүргізуге және қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық жүйенің енгізілуіне байланысты тұтынушылар қосымшасымен жұмыс істеудің тиімділігі арта түседі, бұл олардың тұтынушылармен жылдам өзара әрекеттесуіне және сапалы жаңа қызмет көрсету деңгейге жетуге мүмкіндік береді.

Осылайша, сақтандыру құжаттарын өңдеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу жоғарыда аталған мәселелердің көпшілігін шешетін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін қарастырады. Ақпараттық жүйенің басты бөлігі жалпы ақпараттық клиенттік базаны құру болып табылады, әрбір клиент туралы және онымен жасалған келісімшарт туралы ақпарат компанияның орталық деректер базасында сенімді сақталады.

Сондықтан, автоматтандыру төмендегілерге мүмкіндік береді:

- сақтандыру процесін бақылауға;
- деректер базасында сақтандыру құжаттарын жылдам іздестіруге;
- сақтандыру құжаттарын рәсімдеу уақытын едәуір азайтуға;
- статистикалық және аналитикалық деректерді алудың кеңейтілген мүмкіндіктері сақтандыру стратегиясын жоспарлауға, шығындарды азайтуға және сақтандыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді;
- жүйенің жоғары өнімділігіне байланысты еңбек өнімділіктің өсуін арттыруға;
- полистерді рәсімдеуге және есептілік құжаттарды дайындауға байланысты қателерді азайтуға;
- сақтандыру полисін толтыру бойынша жұмысқа ыңғайлылықты қамтамасыз етуге;
- клиенттер мен сақтандыру объектілері туралы мәліметтерді енгізуге, сақтауға және басқаруға;
- сақтандыруды талдау үшін статистикалық есептерді ұсыну;
- сақтандырылған клиенттер саны туралы есептерді құру.

Ақырында, ақпараттық жүйені енгізумен ұйымның ресурстарын басқарудың тиімділігі артады, оның резервтері мен сақтандыру нарығындағы позицияны нығайтуға арналған өсу перспективалары анықталады.

Сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесі шығындарды азайту және сақтандыру көлемін ұлғайту арқылы жұмыс кезіндегі барлық кемшіліктерді жоюы керек.

2.6 Міндеттер кешенін ақпараттық қолдау бойынша жобалық шешімдерді негіздеу

Зерттеу операциялары бойынша жобалық шешімдері сыртқы машина мен ішкі машинаны қамтамасыз ету тұрғысынан негізделген. Сыртқы машинаны қамтамасыз ету ешқандай техникалық құралдарсыз пайдаланушы қабылдайтын басқару жүйесіне қызмет көрсететін экономикалық ақпараттың бір бөлігін қамтиды. Ішкі машинаны қамтамасыз ету ДБ немесе дербес файлдар түрінде машиналық тасымалдаушыларда қамтылады.

Сыртқы машинаның ақпараттық қамтамасыз етуі мыналарды қамтиды:

- сыртқы машиналардың ақпараттық базасын;
- ақпараттық базаны ұйымдастыру және жүргізу құралдары.

Сыртқы машинаның ақпараттық базасы уақытты аз өзгеретін нормативтік - анықтамалық және белгілі бір процестердің ағынын белгілейтін операциялық - есептік ақпаратқа бөлінеді. Нормативтік – анықтамалық ақпараттың құжаттары ұйымдастырушылық - өкімдік құжаттары болып табылады. Операциялық - есептік ақпараттың құжаттары кіріс – шығыс құжаттары болып табылады.

Ақпараттық деректер қорын ұйымдастыру және жүргізу құралдарына ақпаратты классификациясы мен кодтау жүйелері, құжаттаманың сәйкестендірілген жүйесі, құжаттарды ұйымдастыру және жүргізу жүйелері жатады.

Ішкі машинаның ақпараттық қамтамасыз етуі мыналарды қамтиды:

- сыртқы машиналардың ақпараттық базасын;
- ішкі машиналық базаны ұйымдастыру және жүргізу құралдары.

Ішкі ашиналық ақпараттық деректер қоры ДББЖ құралдары қолдайтын ДБ, сондай-ақ тәуелсіз және бастапқы деректер файлдарын қамтиды. Базаны ұйымдастыру мен жүргізу құралына бағдарламалық қамтамасыз ету жатады. ДББЖ, қызмет көрсету құралдары, қолданушы бағдарламалар, технологиялық нұсқаулар.

Пәндік аймақ объектілері туралы мәліметтер автоматтандырылған өңдеу кезіндегі негізгі деректер тасымалдаушылары болып табылатын кейбір құжаттарда болады. Бұл жағдайда, сақтандыру компаниясының негізгі құжаты болып табылатын сақтандыру келісімшартында көрсетілген сақтандырушы, көлік құралы туралы ақпарат болады.

Барлық құжаттар біріктіріліп және қалталарға жапсыра тігіліп, кейінірек компанияның мұрағатында сақталады. Сақтандыру компаниясында қолданылатын құжаттар номенклатурасын атап шығайық:

- сақтанушы өтініші. Сақтанушы өтініші негізінде сақтандыру шартын тіркеу үшін қолмен толтырады;
- сақтандыру полисі - сақтандырылған оқиға болған жағдайда сақтанушыға сақтандыру арқылы қорғау құқығын растауға берілген негізгі құжат;

- сақтандыру полисінің құнын есептеу жөніндегі нормативтік акт. Мұнда сақтандыру қызметтерін ұсыну үшін сақтандыру сыйлықақысын есебі көрсетеді;
- келісімшартты төлегендігін растайтын түбіршек;
- берілген сақтандыру келісімшарттарының көшірмелерін күніне жасалған шарттардың санын және жалпы қосындыны есептеуді жеңілдету үшін жасалған есептер;
- ағымдағы қаржылық қызметті есепке алу бойынша есеп беру құжаттары.

2.7 Ақпаратты жинау, жіберу, өңдеу және беру технологиясы бойынша жоба шешімдерін негіздеу

Компания жарнамасының арқасында клиенттерді тарту бойынша жұмыс жүргізіледі. Қазіргі уақытта сақтандыру келісімшартын жасау үшін сақтандырушы «Armada» сақтандыру компаниясының сақтандыру полисінің сату нүктесіне келіп, өтінішті толтырады және осы өтінім негізінде сақтандыру агенті сақтандыру полисін жасайды және сақтанушы ұсынған жазбаша өтініштегі ақпарат негізінде сақтандыру сыйлықақысын қолмен есептейді.

Клиентке рәсімделген полис, жарнаның төленуі туралы түбіршек және автокөлікте арнайы белгі - жапсырма беріледі, ал олардың көшірмелері агентте қалады. Барлық белгіленген келісімшарттар (көшірмелер) сақтандыру агентті есепте топтастырылады, содан кейін әрбір есеп бойынша жалпы қосындысы және оған кіретін полистердің саны есептеледі. Осыдан кейін, аптаның соңында агент немесе курьер келісімшарттар және ақшалай қаражатпен жасаған мәлімдемелерді орталық кеңсеге әкеледі, онда ақша кассаға тапсырылады, ал есептерді тіркеу бөліміне өткізеді және есептерді есептер журналына тіркейді. Содан кейін келісімшарттар бухгалтерияға беріледі. Онда келісімшарттарды тексеріп, қайта есептейді және әрбір полиске төлем тағайындалады. Одан кейін, олар іс жүргізу бөліміне тапсырылады, онда олар сақтандыру компаниясымен жасалған АҚЖМС бойынша барлық келісімшарттар көрсетілген келісімшарт журналына жазады. Содан кейін сақтандыру полисі сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін мұрағатқа беріліп, сақталады.

Сақтандыру құжаттары ұйымның компьютерлік желісі арқылы рәсімделетін, өңделетін, тасымалданатын және сақталатын ДБ құру ұсынылады. Өтінім негізінде сақтанушы мен көлік құралы туралы ақпарат деректер базасына енгізіледі, ал сақтандыру полисі принтерде шығарылады. Сақтандырушы туралы ақпарат келісімшарттың мерзімі бітпегеніне қарамастан, әрқашан деректер базасында сақталады. Өйткені, сақтанушы сақтандыру компаниясына бірнеше рет хабарласа алады және ол туралы ақпаратты қайта енгізбеу үшін оның деректерін деректер базасынан табуға және қайтадан қолдануға болады. Сақтандыру сыйлықақысын есептеу бағдарламасы бойынша

автоматты түрде есептеледі, бұл агент сақтандыру сыйлықақысын есептеудегі қателіктер санын азайтады.

2.8 Laravel фреймворкі

Laravel – ашық кодта жазылған PHP-фреймворк, ол қолдануға өте қарапайым түсінікті және сенімді болып табылады. Model-view-controller(MVC) шаблон проектісіне сүйенеді. Laravel веб-қосымшаны жасауға көмектесетін түрлі құрылымдардың қолданыстағы компоненттерін қайта пайдаланады. Осылайша laravel-де жобаланған веб-қосымша басқаларға қарағанда құрылымдық және прагматикалық болып табылады.

Laravel функциясы, CodeIgniter, Yii және басқа Ruby on Rails сияқты бағдарламалау тілдері сияқты PHP негіздерінің негізгі ерекшеліктерін қамтиды. Ларавелдің веб-даму жылдамдығын арттыратын өте бай жиынтығы бар.

Егер Core PHP және Advanced PHP-мен таныс болсаңыз, Laravel сіздің тапсырмаңызды жеңілдетеді. Егер веб-сайтты нөлден бастауды жоспарласаңыз, ол көп уақытты үнемдейді. Сонымен қатар, Laravel-де салынған веб-сайт қауіпсіз және көптеген веб-шабуылдарға жол бермейді.

Laravel сізге веб-қосымшаны әзірлегенде келесі артықшылықтарды ұсынады:

- веб-бағдарлама Laravel құрылымы арқасында ауқымды болады.
- веб-қосымшаны жобалау кезінде айтарлықтай уақыт сақталады, себебі Laravel веб-қосымшаны әзірлеуде компоненттерді басқа негіздерден қайта пайдаланады.
- ол есімдер мен интерфейстерді қамтиды, осылайша ресурстарды ұйымдастыруға және басқаруға көмектеседі.

Composer:

Composer – барлық тәуелділіктер мен кітапханаларды қамтитын құрал. Бұл пайдаланушыға аталған құрылымға қатысты жобаны жасауға мүмкіндік береді (мысалы, Laravel орнатуында пайдаланылады). Үшінші жақ кітапханаларын composer-дың көмегімен оңай орнатуға болады.

Барлық тәуелділіктер бастапқы каталогта орналасқан composer.json файлында көрсетіледі.

Artisan:

Laravel-де қолданылатын командалық жол интерфейсі Artisan деп аталады. Ол веб-қосымшаны құруға көмектесетін командалардың жиынтығын қамтиды. Бұл командалар Symfony құрылымынан енгізілген, бұл Laravel 5.1-де (Laravel-дың соңғы нұсқасы) қосымша қондырғыларға әкеледі.

Laravel веб-қосымшаларды жобалау үшін тамаша таңдау жасайтын келесі негізгі мүмкіндіктерді ұсынады:

- Модульдік.

Laravel бағдарламаны жақсартуға көмектесетін 20 кітапханаға және модульдерге кіреді. Әрбір модуль Composer-дың тәуелділік менеджерімен біріктірілген, ол жаңартуларды жеңілдетеді.

- Тестілеу.

Laravel әртүрлі сынақ жағдайлары арқылы тестілеуге көмектесетін мүмкіндіктер мен көмекшілерді қамтиды. Бұл мүмкіндік код талаптарын сақтауға көмектеседі.

- Маршруттау.

Laravel веб-бағдарламадағы маршруттарды анықтау үшін пайдаланушыға икемді көзқарасты қамтамасыз етеді. Маршрутизация бағдарламаны жақсартуға және оның өнімділігін арттыруға көмектеседі.

- Конфигурацияны басқару.

Laravel-де жасалған веб-бағдарлама әртүрлі орталарда іске қосылады, яғни оның конфигурациясында тұрақты өзгеріс болады. Laravel конфигурацияны тиімді түрде өңдеу үшін дәйекті тәсілмен қамтамасыз етеді.

- Сұрауды құрастырушы және ORM.

Laravel әртүрлі қарапайым тізбек әдістерін пайдаланып, дерекқорларды сұрауға көмектесетін сұрау құрастырушысын біріктіреді. Ол ORM (Object Relative Mapper) және ActiveRecord іске асыруды ұсынады.

- Схема құрастырушысы.

Схема құрастырушысы PHP кодында дерекқор анықтамаларын және схемасын қолдайды. Ол сондай-ақ, дерекқордың көшуіне қатысты өзгерістерді бақылайды.

- Үлгі қозғалтқышы.

Laravel Blade Template қозғалтқышын, иерархиялық блоктарды және динамикалық мазмұнды қамтитын алдын ала анықталған блоктармен орналасуды жобалау үшін пайдаланылатын жеңіл үлгі тілін пайдаланады.

- E-mail.

Laravel веб-бағдарламадан бай мазмұн мен қосымшалары бар поштаны жіберуге көмектесетін пошта класын қамтиды.

- Аутентификация.

Пайдаланушы түпнұсқалық растамасы - веб-бағдарламаларда кең таралған мүмкіндік. Laravel түпнұсқалық растауды жобалауды жеңілдетеді, себебі ол тіркелім, парольді ұмытып, парольді еске салу сияқты мүмкіндіктерді қамтиды.

- Redis.

Laravel қолданыстағы сеансқа және жалпы мақсаттағы кэшке қосылу үшін Redis пайдаланады. Redis тікелей сеансымен өзара әрекеттеседі.

- Кезектер.

Laravel көптеген пайдаланушылар немесе электронды поштаны электрондық пошта сияқты кезекші қызметтерді қамтиды. Бұл кезек-кезек тапсырмаларды аяқтауға бұрынғы тапсырманы күтпестен қарапайым түрде өтуге көмектеседі.

- Оқиға және командалық шина.

Laravel 5.1 құрамдас командалардың орындалуына және оқиғаларды қарапайым жолмен жіберуге көмектесетін командалық жолды қамтиды. Ларавелдегі командалар қолданба мерзіміне сәйкес әрекет етеді.


Laravel – орнату.

Тәуелділіктерді басқару үшін, Laravel композиторды пайдаланады. Laravel орнатпас бұрын жүйеңізде орнатылған композитордың(Composer) бар екеніне көз жеткізіңіз.

Жүйеге Laravel орнату үшін төменде келтірілген қадамдарды орындау керек :

1-қадам – Келесі URL мекен-жайына кіріңіз және композиторды жүйеңізге орнату үшін жүктеңіз (<https://getcomposer.org/download/>).

2-қадам – Композитор орнатылғаннан кейін, композитор пәрменін келесі скриншотта көрсетілгендей пәрмен жолына теру арқылы орнатыңыз.



```
Administrator: C:\Windows\System32\cmd.exe
Microsoft Windows [Version 6.1.7601]
Copyright (c) 2009 Microsoft Corporation. All rights reserved.

C:\wamp\www\laravel>php artisan --version
Laravel Framework version 5.1.23 (LTS)

C:\wamp\www\laravel>cd\

C:\>composer

Composer version 1.0-dev (c7ed232ef42c2bd63cdba057b6c7c8043b37cd5a) 2015-10-29 09:52:59

Usage:
  command [options] [arguments]

Options:
  -h, --help                Display this help message
  -q, --quiet               Do not output any message
  -V, --version             Display this application version
  --ansi                   Force ANSI output
  --no-ansi                Disable ANSI output
  -n, --no-interaction     Do not ask any interactive question
  --profile                Display timing and memory usage information
  -d, --working-dir=WORKING-DIR If specified, use the given directory as working directory.
  --verbose                Increase the verbosity of messages: 1 for normal output, 2 for more verbose output and 3 for debug
```

2.6-сурет – Composer орнату

3-қадам – Жүйеңіздегі жаңа каталогты жаңа Laravel жобаңыз үшін жасаңыз. Содан кейін, жаңа каталог жасаған жерге өтіңіз және Laravel орнату үшін келесі пәрменді теріңіз (composer create-project laravel/laravel --prefer-dist).

Енді біз 5.7 нұсқасын орнатуды қарастырамыз. 5.7 нұсқасында Laravel нұсқасында сіз төмендегі пәрменді теру арқылы толық құрылымды орната аласыз: composer create-project laravel/laravel test dev-develop.

Пәрменнің нәтижесі төменде көрсетілгендей:

```

→ code composer create-project laravel/laravel test dev-develop
Installing laravel/laravel (dev-develop d6acad21cb2288713d9c09a31f9b4ab86f116039)
- Installing laravel/laravel (dev-develop develop): Cloning develop from cache
Created project in test
> @php -r "file_exists('.env') || copy('.env.example', '.env');"
Loading composer repositories with package information
Updating dependencies (including require-dev)
Package operations: 71 installs, 0 updates, 0 removals
- Installing vlucas/phpdotenv (v2.5.1): Loading from cache
- Installing symfony/css-selector (v4.1.3): Loading from cache
- Installing tijsverkoyen/css-to-inline-styles (2.2.1): Loading from cache
- Installing symfony/polyfill-php72 (v1.9.0): Loading from cache
- Installing symfony/polyfill-mbstring (v1.9.0): Loading from cache
- Installing symfony/var-dumper (v4.1.3): Loading from cache
- Installing symfony/routing (v4.1.3): Loading from cache
- Installing symfony/process (v4.1.3): Loading from cache
- Installing symfony/polyfill-ctype (v1.9.0): Loading from cache
- Installing symfony/http-foundation (v4.1.3): Loading from cache
- Installing symfony/event-dispatcher (v4.1.3): Loading from cache
- Installing psr/log (1.0.2): Loading from cache
- Installing symfony/debug (v4.1.3): Loading from cache
- Installing symfony/http-kernel (v4.1.3): Loading from cache
- Installing paragonie/random_compat (v9.99.99): Loading from cache


```

2.7-сурет – Laravel орнату

Laravel негізі жаңа құрылымды қамтитын саланы дамыту арқылы тікелей орнатылуы мүмкін.


4-қадам – Жоғарыдағы пәрмен ағымдағы каталогта Laravel орнатады. Келесі пәрменді орындау арқылы Laravel қызметін іске қосыңыз(`php artisan serve`).

5-қадам – Жоғарыда көрсетілген пәрменді орындағаннан кейін төменде көрсетілгендей экранды көресіз:



2.8-сурет – Серверды қосу

6-қадам – жоғарыдағы скриншотқа сұр түсті сұрыпталған URL мекенжайын көшіріп, браузердегі URL мекенжайын ашыңыз. Егер келесі экранды көрсеңіз, ол Laravel сәтті орнатылды дегенді білдіреді.




2.9-сурет – Сәтті жүктелді

2.9 «ARMADA» сақтандыру компаниясының мәліметтер базасын сипаттау

Тұтынушы мен басқару бөлімін байланыстыру үшін мәліметтер базасының орны ерекше болып табылады. Тұтынушы веб-серверге парақшалар арқылы сұраныс жібереді, ал басқарушы өз кезегінде парақшалар арқылы сұранысты көріп тұтынушыға жауап береді. Мәліметтер базасы ол белгілі ретпен құрылған кестелердің жиынтығы. «ARMADA» сақтандыру компаниясының мәліметтер базасы қызметтер, клиенттер, қызмет түрлері, авто сақтандыру, саяхат, мүлік, денсаулық, тапсырыстар, портфолио, жаңалықтар, серіктестер, қалалар және администраторлар кестесі болып жалпы 14 кестеден тұрады. Мәліметтер базасын құру үшін MySQL мәліметтерді басқару жүйесі қолданылды.

Мәліметтер базасын құру үшін XAMPP веб-серверін қосып браузер арқылы localhost/phpmyadmin сілтемесімен қосыламыз.

2.15 суретте көрсетілген.



2.15-сурет – Мәліметтер базасын құру ортасы

«ARMADA» сақтандыру компаниясының мәліметтер базасы «Armada» деп аталады. Төменде кестелерде құрылған әрбір кестеге тоқталып өтеміз.

Қызметтер(services) кестесі. Мұнда «ARMADA» сақтандыру компаниясының клиенттерге ұсынатын жалпы қызметтері сақталады. Құрылымы 2.1 – кестеде көрсетілген.

2.1 – кесте. Қызметтер кестесі

Өрістер	Түрі	Анықтама
Id	int(11)	кілт
Title	varchar(255)	қызметтің аты
description	text	қызметтің анықтамасы
images	varchar(255)	суреті
featured	tinyint(4)	таңдау логикалық кілті
deleted	tinyint(4)	өшіру логикалық кілті

Таңдау логикалық кілті – өнімдерді тұтынушылардың веб парақшасында көрсету және көрсетпеу мәселесін шешуге арналған 0 мен 1 ді қабылдайтын логикалық кілттік код болып табылады. Базаға өнімді енгізгенде таңдау логикалық кілті автоматты түрде 0 мәнін қабылдайды да бірден клиенттерге көрнбейді, көрсету үшін администратор парақшасында өзгертуге мүмкіндік жасалған.

Өшіру логикалық кілті – өнімдерді басқарушы өшірген жағдайда ол мәліметтер базасынан толықтай өшіп кетпес үшін, тек басқарушының негізгі өнімдер кестесінде көрінбей архив бетінде сақталуы үшін белгіленген код.

Қызмет түрлері(inservices) кестесі. Мұнда қызметтің түрлері сақталады. Құрылымы 2.2 – кестеде көрсетілген.

2.2 – кесте. Қызмет түрлері кестесі

Өрістер	Түрі	Анықтама
id	int(11)	кілт
title	varchar(255)	аты
description	int(11)	анықтамасы
id_ser	int(11)	қызметпен байланыс кілті

Қызметпен байланыс кілті. Әрбір қызмет ішкі жақтан бірнеше бөліктерден тұрады, соған байланысты қызметпен оның түрлерін бір-бірімен байланыстыруға арналған код.

Тапсырыс(orders) кестесі. Мұнда клиенттен келіп түскен тапсырыстар, сұрақтар келіп түседі. Құрылымы 2.3 – кестеде көрсетілген.

2.3 – кесте. Тапсырыстар кестесі

Өрістер	Түрі	анықтама
id	int(11)	кілт
id_client	int(11)	клиентпен байланыс кілті
id_ser	int(11)	қызметпен байланыс кілті
date_order	datetime	тапсырыс келіп түскен уақыт
execution	tinyint(4)	орындау логикалық кілті

Орындау логикалық кілті – тұтынушылардан келіп түскен тапсырыстарды басқарушы күнделікті қадағалап реттеп отыру үшін белгіленген логикалық код. Яғни егер тапсырыс орындалса 1 ді, орындалмаса 0 ді қайтарады.

Басқарушы(users) кестесі. Мұнда веб-қосымшаны басқаратын басқарушылар сақталады. Құрылымы 2.4 – кестеде көрсетілген.

2.3 – кесте. Басқарушылар кестесі

Өрістер	Түрі	анықтама
id	int(11)	кілт
full_name	varchar(255)	басқарушының аты-жөні
email	varchar(170)	басқарушының почтасы
password	varchar(255)	басқарушының кілттік сөзі
join_date	datetime	басқарушының қосылу уақыты
last_login	datetime	соңғы кірген уақыт
permissions	varchar(255)	рұқсаттар

Рұқсаттар – мұнда басқарушының құқығы белгіленеді, admin және editor болып бөлінген басқарушының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол туралы веб-қосымшаның басқарушы бөлімін сипаттағанда айтатын боламыз.

3 Веб-қосымшаның программалық баяндалуы

3.1 Жалпы мағлұматтар

«ARMADA» сақтандыру компаниясының веб-қосымшасы web технология негізінде жасалған. Мұнда сервер ретінде XAMPP веб серверы алынды және негізгі web қосымша парақтары үшін Laravel программалық платформасы, HTML, PHP, JavaScript тілдері қолданады. Жергілікті компьютерде жұмыс істеу үшін аталған xampp server программалық қамтамасын орнатса болды, автоматты түрде Apache, MySQL қосылады. Сонымен бірге, мәліметтер базасы ретінде MySQL тілі қолданады. Laravel программалық платформасын қолдану үшін ең алдымен оның кітапханаларын өзімізге жүктеп алуымыз керек, оны жүктеу келесі команда бойынша жүзеге асады: “composer create-project --prefer-dist laravel/laravel Armada”. Осы команда орындалғаннан кейін веб серверде «Armada» деп аталатын проектіміз пайда болады. Осы проектіні жасау барысында платформаның Laravel 5.7 нұсқасы қолданылды.

3.2 Функционалдық тағайындалуы

Бұл веб-қосымша «ARMADA» сақтандыру компаниясының қызметтерін клиенттерге жарнамалау және клиенттерден тапсырыс алып сапалы онлайн қызмет көрсету үшін құрастырылған. Бұл қазіргі кездегі клиенттерге онлайн қызмет көрсету саласында маңызы ерекше.

3.3 Логикалық құрылымының тағайындалуы

Веб-қосымша бірнеше парақшалардан тұрады:

web-парақша 1 – Негізгі бет. Жалпы компанияның көрсететін қызмет түрлері, жарнамалық бет, компания туралы, жаңалықтар бөлімі, компанияның серіктестері сияқты клиенттерге қажетті ақпараттар көрініс тапқан.

web-парақша 2 – Біз туралы беті. Клиенттерге әрбір көрсетілетін қызмет бойынша олардың рейтингі көрсетіледі және компания қызметкерлері туралы шағын ақпарат көрсетілген.

web-парақша 3 – Қызметтер беті. Қызмет түрлері көрсетілген, керекті сілтемені басу арқылы ол туралы толық ақпаратқа қол жеткізуге болады.

web-парақша 4 – Портфолио беті. Клиенттер компанияның жалпы жұмысын сурет түрінде көре алатын парақша.

web-парақша 5 – Іздеу беті. Клиент белгілі өлшемдер бойынша қызметтерді іздеу немесе сұрыптау беті.

web-парақша 6 – Байланыс беті. Аты айтып тұрғандай компанияның мекен-жайы, телефоны, картадағы орны сияқты байланыс ақпаратын көрсететін парақша.

web-парақша 7 – Администратор бөліміне кіру беті.

web-парақша 8 – Басқарушының негізгі беті.

web-парақша 9 – Қызметтер беті.

web-парақша 10 – Қызмет түрлері беті.

web-парақша 11 – Архив беті.

web-парақша 12 – Басқарушылар беті.

web-парақша 13 – Кілттік сөзді ауыстыру беті.

web-парақша 14 – Басқарушыны ауыстыру беті.

3.4 Шақыру және жүктеу

Web-қосымша екі бөлімнен тұрады: біріншісі, қарапайым клиенттерге арналған бөлім, екіншісі, администратор бөлімі.

Жасаған веб-қосымшамыз яғни веб парақшалар жинағымызды C:\xampp\htdocs мекен-жайында сақтаймыз. Web қосымшаны қосу үшін кез-келген браузерді қосып <http://localhost/Armada/public> сілтемесін тереміз. Осы сәтте қолданушыларға арналған web-парақ ашылады. Егер администратор бөлімін ашу керек болса, <http://localhost/Armada/public/admin/> сілтемесін тереміз.

3.5 Керекті техникалық жабдықтар


Жобаны іске асыру үшін керекті техникалық жабдықтардың және негізгі программалық орталардың құрымы келесіде көрсетілген:

- процессор Intel(R) Pentium(R) CPU B950 @ 2.10GHz;
- оперативтік жады ОЗУ 3ГБ компьютерін қолдандым;
- операциялық жүйе Windows 7;
- сервер XAMPP веб сервер;
- редактор Sublime Text3.

Сонымен қатар жұмысты қағаз бетіне түсіру HP LaserJet P1102 баспа құрылғысы арқылы жүзеге асырылды.

3.6 Тұтынушылардың веб-қосымшаны қолдануы

«ARMADA» сақтандыру компаниясыны веб-қосымшасының бірінші бөлімі қарапайым қолданушыларға, яғни клиенттерге арналған. Бұл негізгі парақшаны алты бөлікке бөліп қарастыруға болады. 3.1 Сурет көрсетілген.



3.1-сурет – Негізгі бетті құрайтын бөлімдер


3.1 Сұлбада көрсетілгендей негізгі бет жалпы алты бөлікке бөлініп құрастырылған. Төменде соларға жеке-жеке тоқталатын боламыз. Веб-қосымшаны қосқан кезде бірден негізгі беттің бастапқы бөлігі көрніс табады, яғни жарнамалық бөлім. Бұл бөлім экран бетін толық алып тұратындықтан қалған бөліктерін тышқанның көмегімен ары-бері жылжытып көре аламыз.

3.1 суретте көрсетілген.



3.1-сурет – Негізгі беттің жарнамалық бөлімі

Суреттен көріп тұрғанымыздай, парақшаның басында мәзір орналасқан. Мәзірдегі сілтемелер арқылы қажетті веб беттерге өтуге болады. 3.1 – сұлбада көрсетілгендей негізгі беттің өзі бірнеше ақпарат бөліктерінен тұрады, оны негізгі бетте, бетті төмен жылжыту арқылы көруге болады. Келесі көретініміз қызметтер бөлімі 3.2 – суретте көрсетілген.



3.2-сурет – Қызметтер бөлімі

Негізге беттің бұл қарапайым бөлігінде компанияның жалпы клиенттерге ұсынатын қызметтерінің түрлері көрсетілген, мұнда көрініп тұрған әрбір иконка сілтеме болып табылады, соны басу арқылы қызмет бетіне өтіп қызметке тапсырыс беруге болады 3.3 – суретте көрсетілген.

Автокөлік сақтандыру

Көлік			
Сақтандыру түрі	Көлік түрі	Қала	Автокөлік номері
Таңда	-----	Таңда	

Жүргізушінің деректері			
ЖСН	Тегі	Аты	Туған жылы
			ДД.ММ.ГГГГ


Сіздің байланыс құралдарыңыз	
Сіздің телефон нөміріңіз	Эл. пошта

[Өтінім жіберу](#)

3.3-сурет – Қызметке тапсырыс беру беті


Жоғарыда 3.2 – суретте көрсетілген қызмет түрі бойынша көрсетілген сілтеме бойынша отіп қызметке тапсырыс беруге болады.

Негізгі беттің келесі бөлігі «біз туралы» деп аталады, мұнда компания туралы шағын ақпарат және ұстанымы жазылады. 3.4 – суретте көрсетілген.




3.4-сурет – Компания бөлімі

Негізгі беттің маңызды бір бөлігі болып табылатын жаңалықтар бөлімі бар. Мұнда компанияның клиенттерге арналған түрлі науқандары, қызметтерге жасалған жеңілдіктері туралы жаңа мәліметтер көрініс табады. 3.5 – суретте көрсетілген.



3.5-сурет – Жаңалықтар бөлімі

Келесі бөлікте компанияның серіктестері көрсетілген сілтемелерден құралған. 3.6 –суретте көрсетілген.



3.6-сурет – Серіктестер бөлімі

3.6 суретте көрсетілгендей клиенттерге арналған байланыс ақпараты көрсетілген, осы арқылы клиенттер менеджермен байланыса алады.

Мәзірде көрсетілген әрбір сілтеме бойынша қарастыратын болсақ, ең алдымен көзге шалынатыны «Біз туралы» деп жазылған сілтеме, оны басқанда келесі 3.7 – суреттегідей веб парақшаға өтеміз.

Біздің компания туралы ақпарат



Жарқын болашаққа қадам басайық

Қорыта келе айтарымыз, «Армада» АҚ ауқымды жұмыс тәжірибесіне, білікті мамандардың күнделікті еңбегіне, қаржылық тұрақтылыққа және озық технологияларға сүйене отырып, болашаққа сеніммен көз тастайды.

Біздің қызметтер

Біздің қызметке деген сұраныс күннен күнге артып келеді.

Автокөлік сақтандыру

62.5%

Саяхат

12.5%

Жылжымайтын мүлік

12.5%

Денсаулық

12.5%

3.7-сурет – Компания туралы ақпарат

Мұнда компанияның ұсынған қызметтерінің жалпы көрсеткішін суреттен байқап білуге болады, салыстырмалы түрде ең көп қолданысқа ие қызмет түрін клиенттерге көрсету болып табылады.

Мәзірден «Қызметтер» сілтемесі арқылы біз жалпы компания ұсынған қызмет түрлерін көре аламыз 3.8 – суретте көрсетілген.

ARMADA

HOME

БІЗ ТУРАЛЫ

ҚЫЗМЕТТЕР

ПОРТФОЛИО

БАЙЛАНЫС

Біздің қызметтер

Біздің қызметтерімен толықтай танысыңыз.

Автосақтандыру

Автосақтандыруға дәл қазір өтінім рәсімде! Жол үстінде көз-көптеген оқиға орын алуы мүмкін. Алайда сақтандырылған жүргізуші өзінің жайлы өмірі сәлемді сезінеді...

Саяхатшыларды сақтандыру

Шетелдегі сапарыңыз тек жағымды эмоцияларға толы болуы үшін бар күшімізді саламыз!

Мүлікті сақтандыру

Егер өз мүлкіңізді оның бүлінуі немесе жоғалуы жағдайында алдын ала сақтандыру туралы ойлансаңыз, онда біз қаржылық шағындарды азайтамыз және зағалды ең аз шамамына жеткіземіз.


3.8-сурет – Компания қызметтері

Мұнда қызметтер туралы толықтай мәлімет беріледі және онлайн түрде өтініш беру мүмкіндігі қарастырылған. Төменде 3.9 – суретте қызметтердің жалпы анықтамасын көрсететін және онлайн сатып алуға болатын веб бет көрсетілген.



3.9-сурет – Қызметтің анықтамасы

Мәзірдеге ең соңғы сілтеме «Байланыс» деп аталады, осы сілтеме арқылы байланыс бетіне өтеміз. 3.10 – суретте көрсетілген.



3.10-сурет – Байланыс веб беті

Бұл веб парақшадан клиент компанияның мекен-жайын картадан көре алады және басқа байланыс ақпараттарына қол жеткізе алды. Сонымен бірге осы парақшада клиенттер өз сұрақтарын немесе ұсыныстарын анкетаны толтырып онлайн түрде жібере алыды. 3.11 – сурет.

Бізге хабарлама жіберіңіз

Бізге өз ұсыныстарыңызды білдіріңіз.

Аты *	Төхиреті *
Email *	Хабарлама *
Телефон	
Компанияның аты	
Хабарлама жіберу	

3.11-сурет – Хабарлама жіберу

3.7 Администратордың веб-қосымшаны қолдануы

«ARMADA» сақтандыру компаниясыны веб-қосымшасының екінші бөлімі администраторға арналған. Администратор бөлімінде осы веб-қосымшаны басқару прецедісі жүзеге асырылады, яғни мәліметтерді қосу, өңдеу, жаңарту, есептеулер жүргізу, қауыпсіздік сияқты жұмыстар орындалады. Администратор бөліміне кіру үшін администратор өзінің логин мен паролын жазу арқылы кіреді 3.12 – суретте көрсетілген.


ARMADA

Введите свои учетные данные

☐ Запомни меня

3.12-сурет – Кіру беті

Администратор бөлімінің бірінші бетінде компанияның қызметтерінің қолданылу үлестері бойынша статистикалық мәлімет көрсетіледі 3.13 – сурет.




3.13-сурет – Администратор бөлімі

Басты бетте екі статистикалық мәлімет көрсетілген біріншісі жүздік үлес бойынша компанияның негізгі қызметтерінің бір-бірімен салыстырғандағы үлесін көрсетсе, екіншісі әрбір күн бойынша үлесін көрсетеді. Бұл беттің сол жағында орналасқан мәзірден осы веб қосымшамен байланысты мәліметтер базасын өңдеуге арналған сілтемелер болып табылады. Мысалы «Қызметтер» деген сілтемені басу арқылы қызметтерді кесте түрінде көрсететін веб бетке өтеміз 3.14 – сурет.

#	Аты	Анықтамасы	Суреті	Icon	Текст	Action
4	Денсаулық	Сіздің отбасыңыз үшін қолжетімді медициналық сақтандыру!		fa fa-user-md	ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ Жазатайым жағдайлардан сақтандыру Жазатайым жағдайдан керемет дене дайындығы да, тажірибе десактамайды, мұндай оқиғалардан ешкім сақтандырылмаған. Тонау, буралқы итпен соқтығысу, тазалынбаған мұзды жаяулоп, жазатайым жағдай сізді күнделікті өмірден бас тартуға мәжбүр етеді. Дәйекті шешім - жазатайым жағдайлардан сақтандыру. Жарақат алғаннан кейін ақша жетіспеушілігінен алаңдаудың қажеті жоқ, сақтандыру төлемдері емделуге жұмсалған қаржыны өтейді, бұл қаржылық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді. «Армада» сақтандыру компаниясы жазатайым жағдайлардан сақтандыру қызметтерін ұсынады. Құзыретті мамандар сіздердің барлық сұрақтарыңызға жауап береді және сақтандыру шартын жасауға көмектеседі. Біздің компанияда жазатайым жағдайдан сақтандыруға онлайн тапсырыс беруге болады. Ол үшін «Сақтандыру полисін рәсімдеу» батырмасын басыңыз және нысанды толтырыңыз.	↗ 📄

3.14-сурет – Қызметтер


Осы беттен қызметтерді жаңадан қосамыз, өзгертеміз және өшіре аламыз. Төменде 3.15 – суретте жаңа қызметті қосу беті көрсетілген.



The screenshot shows a web interface for adding a new service. On the left is a dark sidebar with a user profile 'Balzhan' and a list of menu items: 'Администратор', 'Пользователь', 'Басты бет', 'Қызметтер', 'Клиенттер', 'Портфолио', 'Қызмет түрлері', and 'Жаңалықтар'. The main area is titled 'Жаңадан енгізу' and contains the ARMADA logo. It features several input fields: 'Аты:' (Name), 'Анықтамасы:' (Description), 'Сурет енгізу:' (Image upload) with a 'Выберите файл' button, 'Ісop:' (Category), and 'Текст:' (Text) with a rich text editor toolbar. The toolbar includes icons for bold, italic, underline, text color, background color, bulleted list, numbered list, link, unlink, and source.

3.15-сурет – Жаңа қызмет қосу

Мәліметтерді өзгерту және өшіру сілтемесі икон сурет арқылы көрсетілген 3.16 – суретте көрсетілген.



3.16-сурет – Белгілер

Өзгерту белгісін басу арқылы мәліметтерді өзгерту бетіне өтеміз 3.17 – суретте көрсетілген.

ARMADA

Өзгерту

Аты:

Денсаулық

Анықтамасы:

Сіздің отбасыңыз үшін қолжетімді медициналық сақтандыру!

Icon:

fa fa-user-md

Текст:

ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ

Жазатайым жағдайлардан сақтандыру

Жазатайым жағдайдан керемет дене дайындығы да, тәжірибе десақтамайды, мұндай оқиғалардан ешкім сақтандырылмаған. Тонау, бұралып итпен соқтығысу, тазалынбаған мұзды жаяулоп, жазатайым жағдай сізді күнделікті өмірден бас тартуға мәжбүр етеді. Дәйекті шешім - жазатайым жағдайлардан сақтандыру. Жарақат алғаннан кейін ақша жетіспеушілігінен алаңдаудың қажеті жоқ, сақтандыру төлемдері емделуге жұмсалған қаржыны өтейді, бұл қаржылық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

3.17-сурет – Өзгерту беті

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дипломдық жобада «Armada» сақтандыру компаниясының ақпараттық және жарнамалық веб қосымшасы жобаланады.

Жұмысты жасаудың мақсаты, веб сервермен байланысы өз веб қосымша беттерін құрып үйрену болып табылды. Веб қосымша беттері тек мәтіндерден ғана емес, сонымен қатар, тексттік әзірлеу, суреттер, анимациялар мен иллюстрациялардан және енгізу/шығарудан тұратындықтан көптеген арнайы тегтер қолданылды. Web қосымшаны толық құрастыру үшін келесідей бағдарламалық құралдарды пайдаланылды:

- Web беттердің файлдарын құру үшін арнайы гипермәтіндік белгілеу тілі HTML (HyperText Markup Language);

- веб беттерді форматтауда қолданылатын белгілеу тілі CSS (Cascading Style Sheets - стильдер кестелерінің тілі);

- Laravel программалық платформасы;

- Apache WEB-сервері үшін арналған WEB-қосымшаларды өндіру жүйесі PHP (Personal Home Page немесе officially “PHP: Hypertext Preprocessor”)

- клиенттің жағында да, сервердің жағында да жұмыс жасайтын сценарийлерді жазуға арналған ОБП (объектілік бағытталған программалау) тілі – JavaScript;

- мәліметтер базасын басқару жүйесі MySQL.

Осы бағдарламалық құралдардың көмегімен «Armada» сақтандыру компаниясына арналған веб қосымша құрастырылды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 [http://www. 7kun.kz/28871/](http://www.7kun.kz/28871/)
- 2 Гончаров А. HTML в примерах. С.-Пб.: Питер, 2003.
- 3 Шафран Э. Создание Web страниц. С.-Пб: Питер, 2004.
- 4 Айзекс А. Dynamic HTML BHV-Санкт-Петербург 1998
- 5 Ганчаров А. Самоучитель HTML. Питер 2000
- 6 Хоумер А. Dynamic HTML Справочник Питер 1999
- 7 Петюшкин А.В., HTML. Экспресс-курс. – СПб.: БХВ - Петербург, 2003
- 8 С.А. Христочевский. Мультимедиа в образовании. Проблемы разработки и использования. Системы и средства информатики. Вып.8. М.: Наука. Физматлит, 1996, стр.166-176.
- 9 "Профессор Хиггинс". CD-ROM, 2000.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Мамандығы 5B060200 – Ақпараттану

Студент Төлеген Балжан

Тақырыбы: «ARMADA» сақтандыру компаниясының жүйесін өңдеу және қосымшаларды орнату

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ СЫН-ПІКІРІ

Дипломдық жобада «Armada» сақтандыру компаниясына арналған веб қосымша жасалған, веб қосымшаның мақсаты жаңа клиенттерді өзіне тарту және компанияның іс-әрекеті жайлы клиентті керекті ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, компания ұсынған сақтандыру қызметтеріне берілген сұранысты қабылдауды автоматтандыру.

«Armada» веб қосымша беттері HTML – түрінде орындалады жәнеде Laravel framework жаңа технологиясын қолдану аясында жүзеге асырылды.

Дипломдық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қолданылған әдебиеттер тізімінен, қорытындыдан тұрады. Бірінші бөлімінде «ARMADA» сақтандыру компаниясының жалпы сипаттамасы, екінші бөлімде «ARMADA» сақтандыру компаниясының веб қосымшасын жобалау, үшінші бөлімде веб қосымшаның программалық бөлімі қарастырылады.

Дипломдық жобаны қарастыра келгенде жақсы жақтарын айта кетуге болады. Жұмыс материалы жоспарлы түрде, қойылған талаптарға сай, тақырып төңірегінде жазылған. студенттің жұмысты рәсімдеудегі біліктілігін, талдаушылық қабілетін көруге болады. Осы жұмыста негізгі өзекті мәселелерді шеше отырып, зерттеу жұмысында оңтайлы нәтижелер алып, жұмысты қойылған талаптарға сай орындап шықты.


Қортындылай келгенде, осы зерттеу жұмысын орындау барысында Төлеген Балжан Есенбайқызы айтарлықтай жақсы еңбектенгені көрінеді.

Жоба жетекшісі ретінде бұл дипломдық жобаны өз деңгейіне сәйкес деп есептей отырып Төлеген Балжан Есенбайқызының «ARMADA» сақтандыру компаниясының жүйесін өңдеу және қосымшаларды орнату атты тақырыптағы дипломдық жұмысын бағалай отырып, 5B060200 «Ақпараттану» мамандығы бойынша «Жаратылыстану бакалавры» академиялық дәрежесін тағайындауға болады деп есептеймін.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ

«Программалық инженерия»

Кафедрасының сениор-лекторы «17» 05 2019 жыл



Р.С. Алғожаева